КАЗАХСТАН ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНО УКРЕПЛЯЕТ СВОИ ПОЗИЦИИ КАК ТРАНЗИТНОГО ХАБА ЕВРАЗИИ. ДО 2029 ГОДА МЫ ПЛАНИРУЕМ УВЕЛИЧИТЬ ОБЪЕМ ТРАНЗИТА ГРУЗОВ ЧЕРЕЗ ТЕРРИТОРИЮ СТРАНЫ ДО 100 МИЛЛИОНОВ ТОНН. АКТИВНО РАЗВИВАЮТСЯ МУЛЬТИМОДАЛЬНЫЕ ТРАНСПОРТНЫЕ КОРИДОРЫ, ВНЕДРЯЮТСЯ ПЕРЕДОВЫЕ ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ. ПО ИТОГАМ ПЕРВОГО ПОЛУГОДИЯ ОТРАСЛЬ ПОКАЗАЛА РОСТ НА 22,7 %.

Нурлан САУРАНБАЕВ,
министр транспорта РК



№61-62 (3100-3101)
05/08/2025

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

## МЕРЕЙЛІ МАҚСАТ ЖОЛЫНДА

**Теміржол көлігі қызметкерлері күні қарсаңында Мемлекет басшысы сала қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, ел дамуына елеулі үлес қосып жатқан еңбек адамдарын марапаттады.**

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана



– Мемлекет үшін көлік саласының стратегиялық маңызы айрықша. Бұл – айқын нәрсе. Көлік жүйесі – әрбір елдің дамуының көрінісі. Онсыз экономиканың алға басуы мүмкін емес. Сондықтан бұл салаға біз аса маңызды басымдық ретінде қараймыз. Көлік құралдары – экономиканың қозғаушы күші, өсіп-өркендеу кепілі. Еліміздің осы саладағы мүмкіндіктері мол. Қазақстан – Еуразиядағы негізгі транзиттік хабтың бірі. Біз қазір Транскаспий халықаралық көлік бағдарын белсенді түрде дамытып жатырмыз. Бұл – Қытай, Орталық Азия және Еуропа арасында тауар жеткізудің төте жолы. Былтыр Сиань қаласында көлік-логистика орталығын аштық. Оны «Бір белдеу, бір жол» атты жаһандық бастама аясында Қытай елімен бірлесіп жүзеге асырдық. Бұл қадам халықаралық жүк тасымалын арттыруға септігін тигізуде, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан аумағы арқылы өтетін дәліздердің инфрақұрылымын біртіндеп жақсарту қолға алынғанын, логистика орталықтары және қоймалар салынып, теміржол құрылысы жанданып жатқанын айтты. Алдағы уақытта еліміздегі темір жолдың ұзындығын едәуір арттыру көзделіп отыр. Он бір мың шақырым теміржолды жөндеу жұмысы жалғасады. Жаңадан 5 мың шақырым жол салу және оны жаңғырту жоспарлануда. Қазір Трансқазақстан теміржол дәлізі ауқымды жобасы қолға алынған.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлік қызметкерлерімен кездескен салтанатты жиында бір топ сала қызметкерлерін марапаттады. Құрметті теміржолшы, сала ардагері Қалтай Сәмбетовке «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді. Ең жоғары мемлекеттік награда көлік саласының өкіліне алғаш рет табысталып отыр. Бұдан бөлек Президент еліміздің көлік саласын дамытуға, қатынас жолдарының инфрақұрылымын қалыптастыруға және жаңғыртуға қосқан елеулі үлесі үшін бір топ азаматты түрлі мемлекеттік наградамен марапаттады. Олардың қатарында Құрметті теміржолшы, сала ардагері Борис Есенаманов бар. Оған «Қазақстанның көлік саласының еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді.

*Жалғасы 2-бетте*

*Сурет www.akorda.kz сайтынан алынды*

### РАЗВИВАЕМ КОНТЕЙНЕРНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ

**АО «KTZ Express» и CRCT достигли новые договоренности по развитию контейнерных перевозок. Так, в Пекине (Китай) 1 августа 2025 года в головном офисе компании China Railway Container Transport Co., Ltd. (CRCT), состоялась рабочая встреча делегации KTZ Express во главе с генеральным директором Дамиром Кожахметовым с руководством CRCT.**

Со стороны CRCT во встрече приняли участие Чжун Чэн – генеральный директор CRCT, Ван Дэчжань – заместитель генерального директора CRCT, Жэнь Цзинтянь – старший специалист Центра обслуживания клиентов CRCT, Чжан Дунлян – заместитель генерального директора CRIMT и Ли Кэфу – специалист по специальным проектам CRIMT.

Стороны договорились о совместной работе по увеличению объемов контейнерных перевозок на направлениях Китай – Европа, Китай – Россия, Китай – Беларусь, а также на маршрутах ТМТМ и Китай – Кыргызстан – Узбекистан. Планируется создание рабочей группы для привлечения дополнительных грузопотоков и повышения эффективности логистических маршрутов. Продолжается развитие коридора в Европу через Иран и Турцию, а также рассматривается возможность увеличения контейнерных отправок в страны Центральной Азии.

Партнерство KTZ Express и CRCT, начатое в 2021 году с подписания стратегического соглашения, продолжает приносить конкретные результаты. Компании совместно развивают транзитные контейнерные перевозки, оптимизируют процессы и открывают новые направления для роста объемов перевозок.

*Асель ШАЙХЫНОВА*



**Рамазан САДЫРҚҰЛОВ,**
«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері:

«ЖАҚЫН КҮНДЕРІ ОТАНДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА БЕЙІМДЕЛІП, ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН EBILOCK 950 ЖҮЙЕСІ ЕҢ ЖОҒАРЫ ТАЛАПТАРҒА ЖАУАП БЕРЕДІ. АЛДА СЕРТИФИКАТТАУ, ЗАУЫТТЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЫНАҚТАР КҮТІП ТҰР. ҚТЖ БҰЛ ПРОЦЕСТЕ ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ: ЖҰМЫС ТОБЫ ҚҰРЫЛДЫ, ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА БЕКІТІЛДІ, СОНДАЙ-АҚ ЖАҢА ОРТАЛЫҚ БАЗАСЫНДА КОМПАНИЯ МАМАНДАРЫН ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ»

**САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:**

БИЫЛҒЫ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЖҮК АЙНАЛЫМЫ

**8,6**

ПАЙЫЗҒА ҰЛҒАЙҒАН.

2025 ЖЫЛДЫҢ АЛТЫ АЙЫНДА РЕСПУБЛИКАНЫҢ БАРЛЫҚ КӨЛІК ТҮРІМЕН

**550 млн**

ТОННАДАН АСТАМ ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН.

ОСЫ ЖЫЛЫ ДОСТЫҚ – МОЙЫНТЫ УЧАСКЕСІНІҢ ЕКІНШІ ЖОЛЫНА

**120**

МАШИНИСТ КӨМЕКШІСІ ҚАБЫЛДАНҒАН.

**Актуально**

## МАГИСТРАЛИ, СОЕДИНЯЮЩИЕ ПОКОЛЕНИЯ

**В текущем году профессиональный праздник железнодорожников Казахстана получил официальный статус. Теперь каждое первое воскресенье августа посвящено тем, кто движет страну по стальным магистралям, связывая города, регионы и континенты.**



**Айлин БАУРЖАН,**
Астана



Торжественное собрание по случаю Дня работников железнодорожного транспорта состоялось в центральном офисе АО «НК «Қазақстан темір жолы» в Астане. В зале собрались ветераны отрасли, передовики производства и представители из всех регионов страны. На мероприятии приняли участие председатель правления АО «Самрук-Қазына» Нурлан Жакупов, министр транспорта Республики Казахстан Нурлан Сауранбаев и председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Талгат Алдыбергенов.

– Железнодорожная отрасль Казахстана – это более 120 лет истории, самоотверженного труда, традиций, которые бережно передаются от поколения к поколению, – подчеркнул в своем выступлении Талгат Алдыбергенов. – Сегодня в системе ҚТЖ трудится свыше 110 тысяч человек. Благодаря вам решаются важнейшие государственные задачи, развиваются транзитные маршруты, модернизируется инфраструктура. За каждым достижением стоят коллективный труд, профессионализм и преданность делу.

Железнодорожники – люди с невероятной силой характера. Для них дисциплина, ответственность, самоотдача – не просто слова, а суть профессии. Эти качества передаются молодым, формируя настоящие трудовые династии. В ҚТЖ насчитывается более десяти таких династий, чей совокупный трудовой стаж составляет от 400 до 1 000 лет. За этими цифрами – судьбы людей, их семейные истории, в которых железная дорога стала делом жизни, объединяющим поколения.

– Благодаря вашему труду и преданности отрасль уверенно смотрит в будущее, реализуя масштабные проекты и усиливая позиции Казахстана как транзитного хаба Евразии. Я благодарю вас за ваш вклад и поздравляю с профессиональным праздником! – подчеркнул председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Талгат Алдыбергенов.

АО «НК «ҚТЖ» уделяет особое внимание созданию комфортных условий труда, развитию института наставничества и формированию кадрового резерва. Молодые специалисты активно вовлекаются в ключевые проекты, обучаются у опытных наставников, вносят свежие идеи в развитие компании.

Свыше 1 400 работников были отмечены наградами по случаю праздника. Более 100 человек удостоены государственных наград, 65 работников получили знак «Почетный железнодорожник». 1 243 специалиста награждены отраслевыми знаками отличия и благодарственными письмами, званиями «Кәсібі бойынша үздік» и «Үздік маман». Переходящие знамена вручены 13 лучшим коллективам. В честь 120-летия образования железных дорог Казахстана были учреждены специальные юбилейные медали, которыми наградили работников, посвятивших отрасли десятилетия своей жизни.

– Я начала свою трудовую деятельность электромехаником связи на Восточно-Сибирской железной дороге и вот уже 38 лет служу родной отрасли. Железнодорожная отрасль – это одна из главных системообразующих отраслей экономики Казахстана. Более 120 тысяч человек трудятся день и ночь, чтобы обеспечить безопасность и надежность перевозок. Наша цель – работать на процветание страны, повышать статус и имидж казахстанских железных дорог. От всей души поздравляю вас с профессиональным праздником! Желаю здоровья, успехов, и чтобы все дороги в вашей жизни были открытыми, – своими эмоциями поделилась старший электромеханик связи ЛАЗ Жамбылской дистанции сигнализации и связи Лутфия Абайдулина.

Сегодня ҚТЖ продолжает масштабную модернизацию. В рамках формирования Трансказахстанского железнодорожного коридора планируется строительство 1 700 километров новых линий. В 2025 году будет досрочно завершено строительство вторых путей на участке Достык – Мойынты и обхода Алматы. Параллельно ведется внедрение автоблокировки на семи участках общей протяженностью около 3 000 километров. Ежегодно компания выполняет капитальный ремонт на более чем 1 400 километров путей, активно обновляется подвижной состав, закупаются современные пассажирские вагоны и локомотивы.

Завершилась торжественная программа праздничным концертом, подготовленным самими работниками компании. В этот вечер в зале царила атмосфера особого единения. Аплодисменты, поздравления, искренние слова благодарности звучали в адрес каждого, кто связал свою судьбу с железной дорогой.

– День работников железнодорожного транспорта – это не просто дата в календаре, это признание заслуг каждого, кто ежедневно работает на благо страны. За составами, цифрами и графиками стоят люди – сильные, верные профессии, преданные своей земле, – прозвучало со сцены в завершение праздника.

Традиционно празднование проходит во всех региональных подразделениях компании. Ветераны отрасли принимают поздравления, молодые специалисты получают напутствия, а лучшие работники – заслуженные награды.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

*Продолжение темы на стр. 2-7*

### ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗА ДАМЫТЫЛУДА

**Өткен жылдан бастап магистральдық теміржол желісі объектілерін дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы іске қосылып, техникалық базаны дамыту және операциялық тиімділікті арттыру іс-шаралары қайта жанданды.**

«Магистральдық теміржол желісін дамыту бағдарламасы 2003-2014 жыл аралығында белсенді жүргізілді. Айталық, осы уақыт аралығында ұлттық компания тарапынан ПЧМ-Қырқыншы және ПЧМ-Шу жол дистанцияларын техникалық қайта жарақтандыру үшін 57 бірлік австриялық жол техникасы, сондай-ақ «Oliver Wyman» бағдарламасы шеңберінде жол дистанцияларының қажеттіліктері үшін 199 жүкжолаушы автокөліктері сатып алынған еді», – дейді осы техникаларды сатып алудың басы-қасында жүрген Үсен Оңлабаев.

Құрметті теміржолшының айтуынша, 2014 жылдан бастап 2024 жыл аралығында мүлгіген тыныштық орнады. Ал былтырғы жыл жол шаруашылығы үшін берекелі жыл болды деуге негіз бар. Олай дейтін себебіміз, Бағдарлама іске қосылып, техникалық базаны дамыту үрдісі қайта жанданды. Мәселен, өткен жылы 16 жол техникасы, 3 электробалластер, 90 бірлік ХДВ техникалары алынды. Сонымен қатар 2024 жылы «Магистральдық желі дирекциясы бойынша санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту және еңбекті ұйымдастыру деңгейін арттыру жөніндегі бағдарламаға» сәйкес жұмыс бригадаларын жұмыс орындарына жеткізу үшін 117 көлік сатып алынды. Бұдан бөлек, жыл сайын 4 бірліктен сыйымдылығы 22 адамды құрайтын МПТ-6 мотовоздары сатып алынатын болды. Бұл персоналды жедел тасымалдауды қамтамасыз етпек.

Техниканы жұмысқа жарамды күйде ұстау және оның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін жыл сайын шамамен 715 бірлікке, оның ішінде 390 техниканың ресурсы ұзартыла отырып, жоспарлы жөндеу жүргізіледі. Сондай-ақ жылына шамамен 1800 шағын механикаландыру бірлігі мен 850 автотракторлық техника жөндеуден өтеді екен. Бұдан бөлек, «ҚТТ» АҚ-дан алынған 1504 вагонның (платформалар мен жабық вагондар) 960 бірлігі жөнделген. «Жолаушылар тасымалы» АҚ-дан келіп түскен 132 вагон да кезең-кезеңімен ретке келтірілуде: оның 24-і вахталық бригадаларды орналастыру үшін жақсартылған санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жасай отырып, жаңғыртылған.

*Сұлугүл БАКЕСОВА*

rail-news.kz

№61-62 (3100-3101) 05/08/2025

# КӨЛІК ЖОБАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Ұлан ОРАЗ,**
Астана

ҮКІМЕТ

**Үкімет үйінде Мемлекет басшысының өнеркәсіп, энергетика және көлік салаларындағы тапсырмаларын жүзеге асыру бойынша ҚР Үкіметінің баспасөз конференциясы өтті.**

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Мемлекет басшысының көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша берген тапсырмасы аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Оның айтуынша, елімізде бірқатар ірі теміржол жобалары іске асырылуда. Мәселен, «Достық-Мойынты» және «Алматы қаласының айналма жолы» жобалары аяқталу сатысында. Келесі жылы «Мойынты-Қызылжар», «Дарбаза-Мақтаарал» жобалары аяқталады. Ал 2027 жылы «Бақты-Аягөз» жобасы іске қосылады.

«Жыл соңына дейін 175 жаңа жолаушылар вагонын сатып алу жоспарлануда. Әуе хабтарын дамыту және әуе жүктерінің көлемін арттыру мақсатында әуежай инфрақұрылымы жаңғыртылуда, кедендік рәсімдер жеңілдетілуде, цифрлық шешімдер енгізілуде. Зайсан, Қатонқарағай және Кендірлі курорттық аймақтарында әуежай құрылысы басталды. Автокөлік жолдары саласында 12 мың шақырым жол құрылыс және жөндеу жұмыстарымен қамтылған, оның 7 мың шақырымын ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр», – деді ол.

Мемлекет басшысының транзиттік әлеуетті дамыту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру шеңберінде Қазақстан жыл сайын кемінде 5 трлн теңге пайда ала алады. Бұл туралы көлік министрі Нұрлан Сауранбаев мәлімдеп, теміржол, автомобиль және авиациялық инфрақұрылымға ауқымды инвестициялар туралы айтты. Министр «Достық-Мойынты» учаскесін кеңейту сияқты жобаларға салынған инвестициялар өз жемісін беріп қана қоймай, экономика үшін елеулі мультипликативтік әсер әкелетінін атап өтті. «ҚТЖ» ҰК» АҚ бағалауы бойынша 2035 жылға қарай пайда шамамен 4,4 трлн теңгені құрайды.

# ТЕМІРЖОЛ СЫНЫБЫ АШЫЛУДА

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

ЖОБА

**Жұмысшы мамандықтары жылы аясында 2025 жылғы қаңтар айынан бастап елордадағы мектептер мен колледждерде сервис, тамақтандыруды ұйымдастыру, техникалық қызмет көрсету, дизайн, тігін өндірісі, теміржол көлігі, IT, педагогика, медицина бағыттары бойынша «100 бейінді сынып» жобасы іске қосылды.**

Астана қаласы Білім басқармасы басшысының бұйрығына сәйкес, әрбір бағыт бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен бейінді оқытуды жүзеге асыратын жалпы білім беретін мектептер бекітілді. Жобаға 7 ЖОО, Астана қаласының 21 колледжі мен 70 мектебі қатысады.

Бейінді 8-11 сыныптарда барлығы 2892 білім алушы қамтылды, оның ішінде теміржол көлігі бойынша 5 сынып, білім алушылар саны – 121, оның ішінде мемлекеттік тілде – 91, орыс тілінде 30 адам болып отыр.

2025 жылғы 1 ақпанда колледждер мектептермен келісілген тақырыптық жоспарлар әзірледі. Бейінді сыныптардың әр бағытына Астана қаласының әдістемелік орталығының жауапты әдіскерлері бекітілді. Бейінді сыныптардағы сабақтарды 170 арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері жүргізеді.

Сабақтарды өткізу формалары: дәрістер, шебер-сыныптар, экскурсиялар, тренингтер, жобалық жұмыстарды қорғаумен дөңгелек үстел, слет және басқалар. Бейінді сыныптардың жұмысына колледждердің әлеуметтік серіктестері жұмылдырылған. Кәсіптік бағдар беру жұмысы әрбір білім алушыға нақты мамандықты таңдауға емес, саналы, дербес кәсіби таңдауды жүзеге асыруға, өз таңдауы үшін жауапты және кәсіби мобильді болуға мүмкіндік береді.

# ЖҮК САЛМАҒЫ БАСЫМ

**Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,**
Қызылорда

ТАСЫМАЛ

**Қызылорда қаласының жүрегі саналатын Қызылорда станциясы – жүк тасымалы бөлімшесінің басты бекеті.**

Стратегиялық маңызға ие теміржол торабы жүк және жолаушы тасымалын үздіксіз жүзеге асыруда. Мұндағы қозғалыс бір сәтке де тоқтамайды, бір пойыз қабылданып жатса, екіншісі жөнелтіледі, құрамдар бөлініп, вагондар кірме жолдарға бағытталып, жүк түсіру және тиеу процестері үздіксіз атқарылады.

Станция бастығы Қайрат Төрединовтің айтуынша, жыл басынан бері пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына жол берілмеген, 3147 вагонға жүк тиеліп, 6445 вагоннан жүк түсіріліп, жартыжылдық жұмыс қорытындысы бойынша көрсеткіштер 110,4 және 111,6 пайыздық межемен жоспар асыра орындалған. Қазіргі таңда Шыны зауытының өнімдері теміржол көлігімен тасымалдануына байланысты тиелетін жүктің, салмағының көрсеткіші басым болып отыр.

# ҚТЖ – «ІРІКТЕУ ШЕБЕРІ»

**«Самұрық Қазына» АҚ компаниялар топтары арасында өткен «HR бренд-2025» корпоративтік байқауының нәтижесінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Іріктеу шебері» аталымы бойынша марапатталды.**



**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

Байқау мақсаты – үздік HR-тәжірибелерді анықтау және тарату. Оған бес номинация бойынша 25 кейс: кадрларды іріктеу, таланттарды дамыту, цифрландыру, қызметкерлерді тарту және басқарудың инновациялық әдістерін ұсынған 9 компания қатысты. «Самұрық Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов бұл нәтижелер – жай кезекті байқаудағы жеңіс қана емес, бұл қордың портфельді компанияларының бизнестегі іргетасын құрайтын мықты HR компанияларының еңбегіне берілген әділ баға екенін атап өтті.

– Қор компанияларының технологиялары мен процестердің дамуына көп көңіл бөледі. Осы ретте HR қызмет те көштен қалмауда. HR саласындағы байқау қор тарихында алғаш рет өткізілді. Бұл бастамасы ғана. Енді ол дәстүрлі жалғасын тауып отырады. Биыл ұсынылған кейстердің әрқайсысы ерекше. Бастысы оларды HR саласында қолдануға болады. Мемлекет басшысы 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады. Бұл жұмысшы мамандықтардың беделін арттыруға бағытталған. Сондай-ақ кәсіптік техникалық білім беру жүйесі де реформалануда. Адал еңбек қашан да бағалануы керек. Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау – біз үшін басым бағыт. Бұл ретте көптеген жұмыстар атқарылуда, – деген басқарма төрағасы Қор көлемінде осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарды баяндап шықты.

Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде Н.Жақыпов «Іріктеу шебері» аталымы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергеновті ортаға шақырып, марапатты табыс етті. Тағы да қор құрамындағы 4 компанияға аталым бойынша марапаттарын тапсырды. Атап айтқанда, «Самұрық-Энерго» АҚ – «Таланттар сәулетшісі», «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК – «HR серпілісі», «Қазпошта» АҚ – «Белсенділік драйвері», KEGOC компаниясы «Цифрлық HR жетекшісі» аталымдарымен марапатталды. Сонымен қатар байқауға қатысқаны үшін бірқатар компаниялар Алғыс хаттарға ие болды.

Іс-шараның екінші бөлігі «HR Talks» сессиямен жалғасты. Сессия тақырыбы «Еңбек қатынастарының реформалары» туралы болды.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# МЕРЕЙЛІ МАҚСАТ ЖОЛЫНДА

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Көлік қызметкерлері күні қарсаңында Премьер-министр Олжас Бектенов те сала мамандары мен ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, мемлекеттік наградалар табыс етті. Премьер-министр өз сөзінде көлік-логистика секторының ел экономикасын дамытудағы басты рөлін атап өтті. Осы ретте Қазақстанның көлік саласы тұтастай алғанда жаңа цифрлық шешімдерді, оның ішінде басқарудың автоматтандырылған жүйелерін, цифрлық диспетчерлендіруді енгізу нәтижесінде барған сайын технологиялық және клиентке бағдарланған сипатқа ие боп келе жатқанын атап өткен жөн.

Олжас Бектенов Президент атынан еңбегімен көзге түскен қызметкерлерге көлік саласын дамытуға қосқан үлесі үшін мемлекеттік наградалар мен құрметті атақтар табыс етті.

«Биыл Жұмысшы мамандықтар жылы аясында мемлекеттік марапаттар жүйесіне алғаш рет «Қазақстанның көлік саласының еңбек сіңірген қайраткері» деген құрметті атағы енгізілді. Мұны Мемлекет басшысының және бүкіл Қазақ елінің өздеріңіз сияқты нағыз еңбек адамдарына деген шынайы құрметі деп қабылдаңыздар. Бүгін еліміздің басқа да өңірлерінде көлік саласының өндіріс озаттары мен еңбек ардагерлерін ұлықтау рәсімі өтіп жатыр. Республика бойынша 200-ге жуық адамға мемлекеттік наградалар мен құрметті атақтар табысталады. Бұл – ел игілігі жолында еселі еңбек етіп жатқан отандық көлік саласы қызметкерлерін қолдаудың айқын көрінісі», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Теміржол көлігі қызметкерлерін марапаттаудан ҚР Көлік министрлігі де қалыс қалған жоқ. Министр сала қызметкерлерін құттықтап, мамандыққа адалдығы мен көп жылғы қажырлы еңбегі үшін бір топ сала саңлақтарын «Құрмет» орденімен, ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады.

# МАГИСТРАЛЬ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

**Теміржолшылардың төл мерекесінде Магистральдық желі дирекциясының үздік қызметкерлері түрлі марапаттарға ие болды. Салтанатты жиында дирекция басшысы Сәкен Рахметов әріптестерін құттықтап, лайықты наградаларын табыс етті.**

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Маңғыстау





– Ел экономикасын алға сүйреп, мемлекетіміздің дамуына зор үлес қосып келе жатқан теміржол көлігінің барша қызметкерлерін мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Бүкіл өмірін осы салаға арнап, өзінің адал еңбегі, мол тәжірибесімен темір жолды дамытуға үлес қосып жүрген сіздер қандай құрметке де лайықсыздар, – деді С.Рахметов.

«Құрметті теміржолшы» атағымен 4 адам, «Кәсібі бойынша үздік» төсбелгісімен 2 адам, «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен 4 адам, «Үздік құрылысшы» төсбелгісімен 1 адам, «Үздік жас маман» төсбелгісімен 1 адам, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының Алғыс хатымен 3 адам және төрағаның Құрмет грамотасымен 1 адам марапатталды.

Сондай-ақ 6 адам «Теміржол саласындағы 10 жыл мінсіз қызметі үшін» белгішесіне, 9 адам «Теміржол саласындағы 20 жыл мінсіз қызметі үшін» белгішесіне, ал 6 адам «Теміржол саласындағы 30 жыл мінсіз қызметі үшін» белгішесіне ие болды.

Жиында кеше ғана теміржолдың жоғары оқу орнын тәмамдап жұмысқа орналасқан жас мамандар да сөз сөйлеп, осындай алып компанияның бір бөлшегі болғанын мақтаныш етті. 6 түлек Ақмола магистральдық желі бөлімшесіне телімге жұмысқа орналастырылса, тағы 40 студент дуалды оқыту бойынша тәжірибеден өтуде.

*Суретті түсірген автор*

# ЕРЛІК ОСЫЛАЙ ТУАДЫ...

ОҚИҒА

**Жол түсіп Қаратауға барғандар бұл өлкенің табиғатының бөлек екендігінен хабардар. Жаздағы мырза жел жанға жайлы болғанымен, көктем мен күздің жаймашуақ күндерінің өзінде мұнда аңызақ жел ызылдап тұрады. Ал қыста ол дауылға ұласып, мал мен жанның мазасын алады.**

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл



Қаратаулықтар осыдан екі жыл бұрынғы қаңтардағы боранның екпінін әлі ұмытқан жоқ. Сол жолы ғой Қаратау станциясында бағаналар құлап, электр желілері үзіліп, екі аптадай уақыт істен шыққаны.

Міне, осынау төтенше жағдай кезінде ЭЧ-21 Жамбыл электрмен жабдықтау дистанциясының ұжымы желілерді жедел қалпына келтіруге жұмылдырылып, апталап бел шешпей еңбек етіп, тәулік бойы табиғаттың дүлей күшімен арпалысқаны ерлікке пара-пар еңбек екені анық.

Жамбыл электрмен жабдықтау дистанциясы бастығының орынбасары Түребай Балданбаевтың айтуынша, «3 қаңтар күнгі дауылдан кейін желілер істен шықты» деген хабарлама түсе сала, дистанцияға қарасты әр бөлімшеден іріктеген электромонтерлар түнімен жолға шығып кеткен.

– 4 қаңтар күні таңда Қаратау станциясына жеттік. Бұл өлке таулы аймақ болған соң, қырға техника шыға алмайды. Оның үстіне дауылдан кейін артынша қалың қар жауып, аяз қысып, жолды жауып тастаған. Жер тайғақ. Етекке дейін көлікпен, әрі қарай жаяулатып жеттік. Дистанцияның әр бөлімшесінен: Тәттіден – 3, Луговойдан – 3, дистанциядан – 3, Жамбыл түйіспелік желісінен – 8, Қаратаудың өзінен 10 адам жұмылдырылды. Бір ғана трактор болды. Шұңқырларды техникасыз, күрек, қайламен қаздық. 13 күннің ішінде 112 тірек бағанасын орнаттық. Кейін жер ашылған соң, манипуляторды пайдаландық. Тура 14 тәулік дегенде кернеуді іске қостық. Жігіттерге рахмет, нағыз сын сағатта сыр бермей шыдап бақты, – дейді Түребай Балданбаев.

Жергілікті қариялар Қаратауда мұндай қара дауыл он жылда бір қайталанып тұратынын айтады. Мысалы, 2013 жылы қаңтардағы боранның жылдамдығы 60 метр/секундқа жеткен екен. Сол жылғы желдің салдары ауыр соғып, қаладағы орталық қазандық істен шығып, қарапайым тұрғындарды шаш-етектен шығынға батырғаны көрінеді. Ал метеорологтар тура он жылдан кейін, 2023 жылғы қаңтардағы желдің жылдамдығы 47 метр/секундқа жетіп жығылғанын айтады. Бұл жолы да табиғи апат аз шығын әкелмеді. Дегенмен, темір жолдың темірдей төзімді жігіттердің қайраты мен жігерінің арқасында келтірілген шығын мөлшері анағұрлым аз болды және арада уақыт өтсе де сапалы қалпына келтірілді. Қаратау станциясында төтенше жағдайға алып келген дауылды желден кейін бүлінген желіні қалпына келтіру жұмыстарына қатысқандардың бірі ЭЧ-21 дистанциясының Тәтті станциясындағы бөлімше бастығы Әлішер Суанбеков 14 күнге созылған жұмыстың оңай болмағанын айтады.

– Мен ол кезде Тәттіде электромонтер болып жұмыс істейтінмін. Қаратауға бірге барып, жұмыс істеген жігіттердің бәрі мықты, бәрі батыр, барлық қиындыққа төтеп берді. Ешқайсысын бөліп-жарып атай алмас едім. Таулы өлке болғанымен, ықтасын жер емес. Күн суық, аяз қысып тұр. Техника жоқ. 14 күн дегенде зақымданған желілерді түгел келтіріп, жарықты іске қостық, – деп еске алады теміржолшы Әлішер Суанбеков.

№61-62 (3100-3101) 05/08/2025

## Награждение

# В РИТМЕ ЗАБОТЫ И ДОЛГА

**В преддверии Дня работников железнодорожного транспорта в АО «Пассажирские перевозки» прошла торжественная церемония награждения сотрудников – людей, которые ежедневно обеспечивают ритмичную и безопасную работу одного из важнейших звеньев транспортной системы страны. Это было не просто вручение наград – это было признание верности профессии, преданности делу и человеческой надежности, которую невозможно заменить ничем.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Астана



С теплыми словами к коллективу обратился генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Ануар Ахметжанов.

– Железная дорога – это не просто инфраструктура. Это прежде всего люди. Своим трудом вы обеспечиваете бесперебойную работу по всей стране и за ее пределами. Благодаря вашей самоотверженности, дисциплине и любви к делу миллионы казахстанцев добираются до своих родных, на отдых, к месту службы или учебы. От имени руководства выражаю вам глубокую благодарность. Пусть ваш профессионализм, тепло сердец и высокая планка в работе будут достойным примером для будущих поколений железнодорожников. С праздником вас, уважаемые коллеги, – отметил в своем поздравлении Ануар Ахметжанов.

В текущем году более 7 100 сотрудников компании будут отмечены наградами различного уровня – от государственных орденов до почетных грамот и благодарственных писем. Среди них – те, кто посвятил десятилетия компании, и те, кто только начал свой путь, но уже проявил себя с лучшей стороны. Десять человек удостоены государственных наград: четверо получили орден «Еңбек Даңқы» III степени, трое – медаль «Ерен еңбегі үшін», еще трое – медаль «Шапағат». Девяти сотрудникам присвоено звание «Почетный железнодорожник», один отмечен почетной грамотой Министерства транспорта РК.

134 сотрудника получили ведомственные награды от АО «НК «ҚТЖ» – среди них знаки «III дәрежелі Теміржол даңқы», «Адал еңбегі үшін», «Ерлігі үшін», медали за безопасный пробег, а также грамоты и благодарственные письма. От имени руководства АО «Жолаушылар тасымалы» вручены 65 почетных грамот и 95 благодарственных писем. Два работника были награждены от имени Совета по железнодорожному транспорту СНГ.

> **В ТЕКУЩЕМ ГОДУ БОЛЕЕ 7 100 СОТРУДНИКОВ АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» БУДУТ ОТМЕЧЕНЫ НАГРАДАМИ РАЗЛИЧНОГО УРОВНЯ – ОТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРДЕНОВ ДО ПОЧЕТНЫХ ГРАМОТ И БЛАГОДАРСТВЕННЫХ ПИСЕМ.**

Особенным моментом стало вручение нагрудных знаков за продолжительную службу: 1 100 работников отмечены за 30 лет безупречной работы, 2 200 – за 20 лет, и более 3 500 – за 10 лет преданного служения отрасли. Все награды сопровождались денежными премиями.

Среди тех, кто в этом году получил свое первое крупное профессиональное признание, был и менеджер Группы по безопасности движения Олжас Габбасов. За короткое время он зарекомендовал себя ответственным, внимательным и добросовестным сотрудником. За свои заслуги Олжас Габбасов был удостоен нагрудного знака «Үздік жас маман».

– Я начал работать на железной дороге, потому что чувствовал в этом особую энергетику. Здесь каждый день наполнен реальной ответственностью за людей. Получить награду в таком возрасте – это не только радость, но и вызов. Хочется оправдать доверие, расти дальше, вдохновляться старшими и делиться опытом с теми, кто только начинает свой путь, – поделился Олжас Габбасов.

Праздник стал не только поводом выразить благодарность сотрудникам, но и возможностью оглянуться на достижения компании. В 2025 году АО «Пассажирские перевозки» успешно реализовало целый ряд инициатив. Было закуплено 369 пассажирских вагонов. На заводе «Штадлер Казахстан» начался выпуск современных составов, которые планируется поставить в количестве 557 вагонов до 2030 года. Уже в ближайшие годы казахстанцы смогут путешествовать в принципиально новом уровне комфорта, а пассажирский парк компании полностью обновится.

В этот праздничный день звучали искренние аплодисменты, слова благодарности, радость встреч и теплые взгляды коллег. И все это – во имя общего дела. Потому что железная дорога – это не просто путь из пункта А в пункт Б. Это путь ежедневной ответственности, тихой гордости за профессию и веры в то, что каждый рейс – это движение всей страны.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# ТРУД, ДОСТОЙНЫЙ УВАЖЕНИЯ

**Ко Дню работников железнодорожного транспорта отличившимся сотрудникам филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Дирекция по организации перевозочного процесса» вручили награды за значительный вклад в устойчивую и безопасную перевозочную деятельность.**

**Любовь РОВБА,**
Астана



Приветствуя коллег на торжественной церемонии награждения, заместитель генерального директора по оперативной работе – директор филиала Ербол Тусупов поздравил их с профессиональным праздником, отметив, что в этом году он стал особенным для каждого железнодорожника.

– На протяжении долгих лет в первое воскресенье августа в Казахстане чествовали работников всех видов транспорта. Теперь День железнодорожника отмечается как самостоятельный профессиональный праздник, что подчеркивает высокий вклад железнодорожного транспорта в развитие экономики нашей страны. Все это стало возможным благодаря вашему профессионализму и плодотворному труду, – подчеркнул он, поблагодарив коллег за выполнение всех производственных задач, дисциплину и преданность выбранному делу.

Во время чествования работников Ербол Тусупов вручил высшую отраслевую награду – нагрудный знак «Почетный железнодорожник» – главному менеджеру департамента вагонного хозяйства Ерболу Смағулу и старшему диспетчеру ЕДЦУ Ерлану Абибуллаеву.

Менеджер Зоя Махметова награждена знаком «Адал еңбегі үшін», менеджер Гульмира Тюлюбаева – знаком «Кәсібі бойынша үздік».

Почетная грамота председателя правления АО «НК «ҚТЖ» вручена менеджеру Жанар Сеитовой, а благодарственное письмо от его имени – менеджеру Куралай Искаковой.

Благодарственным письмом генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» отмечены менеджер департамента безопасности движения Жасулан Нурпеисов и менеджер группы специальных и воинских перевозок Нургуль Мусилова.

Впервые в истории АО «НК «ҚТЖ» 44 сотрудника филиала удостоены нагрудных знаков за преданность профессии и многолетнюю безупречную службу на железнодорожном транспорте.

Среди них 13 работников получили знак «За 30 лет безупречной службы в железнодорожной отрасли», 18 человек – «За 20 лет безупречной службы» и еще 13 сотрудников отмечены знаком «За 10 лет безупречной службы».

Примечательно, что средний стаж работников филиала – 24 года. Это настоящие профессионалы, чей путь на стальной магистрали начинался, что называется, с самых низов, а сегодня является примером для молодых поколений железнодорожников. Так, Почетный железнодорожник Ербол Смағул за 23 года работы в отрасли прошел все ступени карьерной лестницы от слесаря по ремонту ходовых частей в техническом пассажирском парке до ведущего инженера, начальника ПТО, а также Курорт-Боровского эксплуатационного вагонного депо, работал на руководящих должностях в разных структурах вагонного хозяйства. С 2021 года является главным менеджером департамента вагонного хозяйства.

Более 30 лет трудится в отрасли потомственный железнодорожник Ерлан Абибуллаев. Всю жизнь посвятили железной дороге и его родители. Общий стаж династии превышает 100 лет. Высшую отраслевую награду Почетный железнодорожник считает общей заслугой семьи. Путь Ерлана Абибуллаева в профессию начался на станции Тюратам с должности приемосдатчика груза и багажа. Много лет он посвятил работе на линии – был башмачником, составителем поездов, диспетчером, сегодня – старший диспетчер по направлениям.

– С детства благодаря примеру своих родителей я знал, какая ответственность лежит на плечах каждого железнодорожника. Мы отвечаем за безопасность людей и грузов и не имеем права на ошибку. Папа добросовестно проработал в отрасли 45 лет, мама – 30. И я считаю, что высшая отраслевая награда – это и их награда, – поделился Почетный железнодорожник. – Для меня это особое событие и радость, которую я хочу разделить с отцом. Мамы, к сожалению, уже нет в живых, а папе идет 86-й год. В ближайшее время планирую навестить его на нашей родной станции.

Менеджер департамента вагонного хозяйства Зоя Махметова тоже поделится радостной новостью о награждении знаком «Адал еңбегі үшін» с мамой Арушой, когда-то поддержавшей ее в выборе профессии. Юной 17-летней девушкой пришла она на должность приемосдатчика груза и багажа на станции Джамбул Алматинской железной дороги и вот уже 38 лет работает на железной дороге.

– Я единственная железнодорожница в семье. Помню, как бабушка Вера Дмитриевна посоветовала после школы идти на железную дорогу, потому что там «стабильность и порядок». Мама тоже очень поддерживала меня. Первые годы было сложно, а сейчас не представляю для себя другого пути и убеждаюсь в мудрости своих родных, – делится Зоя Махметова. – Конечно, очень приятно, когда твою работу отмечают на таком высоком уровне, это мотивирует. Я и сама всегда ратую за коллег. Труд железнодорожника очень сложный, безопасность движения поездов обеспечивается их круглосуточной работой.

Зоя Махметова стала наставником и примером для многих молодых коллег и пользуется в коллективе большим уважением. К профессиональному празднику все филиалы ВЧД запустили письмо с просьбой отметить ее заслуги отраслевой наградой.

Вклад работников дирекции перевозочного процесса в бесперебойную работу железной дороги сложно переоценить. И пока здесь трудятся такие профессионалы, можно быть уверенными, что перевозочный процесс – в надежных руках.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# РАВНЫЕ ПРАВА И СОТРУДНИЧЕСТВО

**Махаббат НЕГЕМБАЕВА,**
Астана

СОЦИУМ

**В Астане представили международную инициативу, посвященную продвижению женщин в сфере торговли и логистики. Встреча организована Women in Trade & Logistics Partnership (TLP) – профессиональным сообществом Центральной Азии и Кавказа в сфере логистики, торговли и ВЭД.**



Участники мероприятия обсудили роль женщин и создание для них новых перспектив в транспорте, логистике и торговле, внедрение NCTS (New Computerised Transit System), которая обеспечивает электронный обмен данными между таможенными органами и экономическими операторами, задействованными в транзитных операциях, его влияние на бизнес, санкционные риски и адаптацию к новым реалиям.

С презентацией выступила руководитель направления Women in TLP Айжан Бейсеева. Она подчеркнула важность гендерного равенства и активного участия женщин в этих ключевых отраслях.

– Инициатива Women in TLP – вклад в будущее, где профессионализм, равные права и сотрудничество – основа устойчивого развития. Наша миссия – помогать развиваться, строить связи и открывать новые горизонты. Давайте вместе строить будущее, в котором каждая женщина сможет реализовать свой потенциал в сфере торговли, транспорта и логистики! – призвала Айжан Бейсеева.

Women in TLP охватывает не только Центральную Азию, но и Кавказ – Азербайджан и Грузию, объединяя семь стран региона. Цель сообщества заключается в создании равных возможностей для женщин, содействии их профессиональному росту и интеграции в отраслевые процессы. Сегодня лишь небольшой процент женщин занят в сфере перевозок, а также на руководящих позициях в цепочках поставок.

Так, сообщество помогает в организации тренингов, семинаров и бизнес-форумов, B2B-встреч и подборе консультантов, проведении международных бизнес-миссий и стади-туров, исследовании и аналитике в ключевых отраслях.

# ҚТЖ ОБЪЕДИНЯЕТ СТРАНУ И ЛЮДЕЙ

**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**
Астана

ИНФРАСТРУКТУРА

**Железная дорога всегда была символом надежности, движения вперед и единства. Сегодня, АО «НК «Қазақстан темір жолы» не просто ведет поезда – она строит будущее страны.**

В каждом регионе Казахстана идет масштабное строительство новых железнодорожных линий, за которым стоит труд тысяч специалистов, энергия отечественных компаний и стратегическое видение развития страны.

На строительстве новых участков задействовано более 12,8 тысячи человек. Это не просто цифра – это тысячи судеб, объединенных одной целью: соединить регионы Казахстана современной, надежной и безопасной инфраструктурой.

Завершается строительство вторых путей на участке Достык – Мойынты, продолжаются работы по созданию обводной линии вокруг Алматы, возводятся направления Дарбаза – Мактаарал и Бахты – Аягоз. Одновременно стартовали новые проекты – Мойынты – Кызылжар и модернизация Алтынколь – Жетыген.

Масштаб этих работ впечатляет: от укладки рельсов и щебня до строительства мостов, линий связи и объектов энергетики. Над каждым метром пути трудятся инженеры, геодезисты, проектировщики, путейцы, мостостроители, электромонтеры, связисты, операторы спецтехники. Их вклад – это прочный фундамент будущей транспортной системы.

АО «НК «ҚТЖ» не только реализует стратегические проекты, но и вдохновляет. Благодаря стройкам укрепляются производственные мощности отечественных предприятий, повышается квалификация работников, формируется профессиональное сообщество, способное решать задачи любой сложности.

Новые железные дороги – это также развитие регионов. Повышается спрос на жилье, питание, логистику, растет число малых и средних предприятий, создаются новые рабочие места. В селах и городах, через которые пройдут магистрали, уже сегодня ощущается экономическое оживление.

Впереди – эксплуатация новых линий и формирование постоянных рабочих мест в сфере обслуживания и управления инфраструктурой. Казахстанская железная дорога продолжает уверенно двигаться вперед, доказывая, что под стук колес рождается не только ритм страны, но и ее будущее.

rail-news.kz

№61-62 (3100-3101) 05/08/2025

# СЫР ЕЛІНДЕ ӨТКЕН САЛТАНАТ

**Қызылорда жүк тасымалы бөлімшесінің мәжіліс залында өткен салтанатты жиын теміржолшылардың кәсіби мерекесіне арналды. Жыл сайынғы дәстүрлі жиын биыл ерекше мазмұнға ие болды.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда





Қызылорда ЖТ бөлімшесінің директоры Батырхан Базарбаев, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ербол Сәулебеков, сондай-ақ «Қазкөліккәсіп» КБ Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов аймақ теміржолшыларының жетістіктеріне тоқталып, әріптестерін кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтады.

Аймақтағы 4 бірдей сала қызметкерінің «Құрметті теміржолшы» төсбелгісімен марапатталуы сырбойылық теміржолшылардың абыройын асқақтатқан айтулы жаңалық болды. Олар – Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ербол Сәулебеков, Сексеуіл локомотив пайдалану депосының машинисі Оңғар Аманқұлов, Қазалы вагон пайдалану депосының вагон қараушы-жөндеушісі Алпысбай Жиенқұлов және Қызылорда ЖТ бөлімшесі кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Көпірбаев. Сонымен қатар Қызылорда локомотив пайдалану депосының машинисі, ТМД бойынша кәсіпқой чемпионат жеңімпазы Жасұлан Смағұл «Үздік машинист» белгісімен марапатталды. Оның ата-анасына компания басшылығы атынан арнайы алғыс хат табысталып, бұл сәт теміржолшылар арасында ерекше тебіреніс туғызды.

Сонымен қатар ТЧЭ-36 локомотив бригадаларын оқыту нұсқаушысы Нұрлан Жұмқанов пен Қыдырбай Бекбаев «Адал еңбегі үшін» белгісіне ие болды. Конту станциясының бастығы Әділхан Насанов «Кәсібі бойынша үздік» атанса, ТЧЭ-34 тепловоз машинисі Азамат Хайдаров «Жас үздік маман» белгісімен марапатталды.

Аймақ бойынша 50-ге жуық теміржолшы «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС, Қызылорда облысы әкімдігі, «Аманат» партиясы және кәсіподақ ұйымдары атынан түрлі марапаттарға ие болды. Абыройлы теміржолшы тәрибелеп өсірген ата-аналарға арналған алғыс хаттар да ерекше құрметтің белгісіне айналды. Айта кетейік, биыл Қазалы жол дистанциясының, Қызылорда теміржол вокзалының және Қызылорда жол дистанциясының 120 жылдық мерейтойы да кәсіби мейраммен қатар аталып өтті.

*Суреттерді түсірген автор*

# ЕҢБЕК ЕР АТАНДЫРДЫ

**Ақтөбеде өткен теміржолшылардың төл мерекесінде сөз алған Ақтөбе ЖТ бөлімшесінің директоры Бөріхан Беркімбаев биыл қол жеткізген оң көрсеткіштерді жоғары бағалады.**



**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

«Дәстүр бойынша өз кәсіби мерекемізге жақсы көрсеткішпен келдік. Жүк айналымы алты айда 103 пайызға орындалды. Жүк тиеу көрсеткіші 102 пайыз болды. Алты айдағы кіріс 73 млрд теңгеге жетті. Бұл – сіздердің ерен еңбектеріңіздің жемісі. 2025 жылға жоспарлаған жобалар қатарында «Қандыағаш-Никельтау», «Никельтау-Әйтеке би» аралығында разъезд салу жұмыстары басталып кетті. Бұл аралықтарда барлығы 7 разъезд болады. Бұл жұмыстар жыл соңына дейін аяқталады. Соған сай жаңа жұмыс орындар ашу мүмкіндігі бар», – деді Бөріхан Беркімбаев.

Сонымен қатар бөлімше директоры 11 вокзалда жүріп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарына да тоқталды. Оның жетеуі Ақтөбе аймағында, төртеуі Орал бөлімшесінде. Бәрі де ірі вокзалдар, ондағы жөндеу жұмыстары бақылауда тұр. Биыл өңірде 72 шақырым темір жолға күрделі жөндеу жоспарланған. Бүгінде оның 40 шақырымы аяқталған.

Мерекеде екі теміржолшының омырауына «Құрметті теміржолшы» төсбелгісі тағылды. Оның бірі – Ақтөбе станциясының пойыз құрастырушысы Ғалымжан Ақмырзаев. Ол еңбек жолын 2004 жылы пойыз құрастырушы болып бастаған, міне 21 жыл осы кәсіптің нанын жеп келе жатыр. Арал ауданы Сексеуіл станциясының тумасы. Әкесі 47 жыл машинист болған.

«Ақтөбе -2 станциясында жұмыс істеймін. Жүк пойыздарын құраймыз. Теміржол саласындағы ең ауыр да қиын жұмыстардың бірі. Титтей де қателікті кешірмейді. Жауапкершілігіміз жұмысқа демалып, алаңсыз барудан басталады. 12 сағат жұмыс, 12 сағат демалыс, тағы 12 сағат түнгі ауысым, кейін 48 сағат демалыс», – деді пойыз құрастырушы Ғалымжан Ақмырзаев.

«Құрметті теміржолшы» төсбелгісін тағып, мерейі өскен теміржолшылардың бірі – Бақытбек Ешманов. Шалқар электрмен жабдықтау дистанциясының бас инженері. Қазалы станциясында қарапайым жұмысшыдан бастап бас инженерге дейін көтерілген.

«Біздің басты міндет – қауіпсіздік, жылжымалы құрам жұмысын тоқтатпау. Жұмысшылардың аман-есен отбасына оралуын басты назарға аламыз. Электр қуатын береміз, желіде ақау болмауын қадағалаймыз. Біз үшін теміржол саласы – өмір. Басқа мамандық жоқ секілді. Әкем теміржолшы, өмір бойы машинист болған, сегіз ағайындымыз, бәрі де теміржолшы», – деді Бақытбек Ешманов.

Биыл жұмысшы мамандықтар жылына орай өңірде жүздеген теміржолшылар кәсіби мереке қарсаңында түрлі марапатқа ие болды. Сонымен қатар жартыжылдық қорытындысы бойынша Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі, «Жолаушылар тасымалы» АҚ Батыс аймақтық филиалы, Ақтөбе әскерилендірген күзет қызметі, Бершүгір жол дистанциясы, Ақтөбе өрт сөндіру пойызы мекемелері үздіктер қатарында аталды.

*Суретті түсірген автор*

# ТӨРЛЕТ, ТЕМІРЖОЛШЫ!

**Тамыздың алғашқы жексенбісінде аталып өтетін кәсіби мерекелерін биылдан бастап «Теміржолшылар күні» деп меншіктеп алған сала мамандары бұл күні құрмет пен қошеметке бөленді.**

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл




Жұмысшы мамандықтар жылына орай қарапайым адал еңбек иелерінің мерейі асып жатты. Тараз қаласындағы теміржолшылар саябағы аталатын «Түрксібте» ақшаңқан киіз үйлер тігіліп, ақ дастархан жайылды. Сән-салтанат та осында, қошемет пен марапат та осында...

Мерекелік жиында Жамбыл ЖТ бөлімшесінің директоры Айдын Сеитбенбетов теміржолшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, ақжарма тілегін жеткізді. «Жұмысшы мамандықтар жылында» қарапайым еңбек иелерінің мәртебесін көтеруге мән беріліп жатқанын, бұл өз кезегінде жастардың жұмысшы мамандықтарға, оның ішінде теміржол саласына келуіне ықпал ететінін айтып өтті.

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Қанатбек Мәдібек арнайы келіп, теміржолшылар қуанышына ортақтасты, адал еңбегімен өңірдің дамуына үлес қосып келе жатқан сала мамандарына «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» медалін тапсырды. Сондай-ақ Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапаттады.

Қанатбек Мәдібек өз сөзінде теміржолшылардың еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін дамытуға зор үлес қосып отырғанын айта келіп, биыл Жамбыл өңірінде 5 бірдей вокзалдың күрделі жөндеуден өтіп жатқанын тілге тиек етті. «Соның ішінде Тұрар Рысқұловтай тұлғаның маңдай тері сіңген Түрксіб және «Адамзаттың Айтматовы» атанған жазушының табаны тиген Боранды станциясындағы вокзалдардың қайта жаңғыртылуы үлкен қуаныш», – деді облыс әкімінің орынбасары.

Салтанатты жиында сала дамуына қосқан өлшеусіз еңбегі үшін бірнеше азамат «Құрметті теміржолшы» төсбелгісімен марапатталды. Тағы бір топ азаматтың еңбегі III дәрежелі «Теміржол даңқы» медалімен, «Адал еңбегі үшін», «Үздік вагоншы», «Үздік энергетик», «Үздік жас маман» сынды жоғары кәсіби біліктілігі үшін берілетін белгілермен және «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасының Алғыс хатымен аталып өтті.

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің директоры Мейрамбек Кенжебаев пен Жамбыл жол бөлімшесінің қауіпсіздік бойынша бас ревизоры Медет Қолдасовқа «Үздік еңбек адамы» төсбелгісі табыс етілді.

Биыл теміржолшылар кәсіподағы ұйымының құрылғанына 120 жыл толып отыр. Айтулы датаға орай кәсіподақ ұйымы теміржолшыларды «Теміржолшылар кәсіподағына-120 жыл» төсбелгісімен марапаттады.

Теміржолшылар күнінде саланың ардагерлері де ұмыт қалған жоқ. Мерекелік шараға арнайы шақырылған аймақтағы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бауыржан Найманбаев, тоқсан жастан асқан Абдуалы Данаев бастаған қарияларды төрге оздырып, құрмет көрсетілді.

Салтанатты іс-шара соңын концерттік бағдарламаға ұласып, киіз үйлерде теміржолшыларға арнап мерекелік дастархан жайылды.

*Суретті түсірген автор*

# КӘСІБИ МАМАНДАРҒА ҚҰРМЕТ

**Семей ЖТ бөлімшесіндегі кәсіби мерекеге орай ұйымдастырылған салтанатты жиынға күллі желі бойынан теміржолшылар арнайы шақырылды. Басқосу беташарын бөлімше басшысы Алмас Ғылымұлы көпшілікті кәсіби мерекемен құттықтап, аймақ теміржолының дамуы жолындағы еңбектері үшін алғыс айтты.**

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей



НЖС-6 бас инженері Ерғазы Ережепов, «Қазкөліккәсіп» КБ Семей өңірі бойынша өкілі Есен Қажығұлов та ізгі тілектерін білдірді.

Әрі қарай жылдағы дәстүрге сай кезек мерекелік марапатқа берілді. Әуелгі кезекте бөлімшенің қос қызметкері Құрметті теміржолшы төсбелгісін салтанатты түрде өңірлеріне тақты. Олар Шемонаиха станциясының бағыттама қосынының кезекшісі Ольга Юрьевна мен Жаңа-Семей жол дистанциясының жол шебері Қабдолла Рымханұлы. «Кәсібі бойынша үздік» төсбелгісімен үш теміржолшы марапатталды. Аягөз локомотив депосының пайдалану цехы жылдамдық таспасын талдаушы Уандықбек Жадранов, Семей белгі беру және байланыс дистанциясының байланыс электромеханигі Рысалды Бектасова және бухгалтерлік есеп бөлімінің бастығы Гүлнара Кошкомбаева осы құрметке лайық деп танылды. Басқарма төрағасының Құрмет грамотасымен Жаңа-Семей жол дистанциясының өлшеу бойынша жол шебері Нұртуған Жасаров, материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі бастығының орынбасары Айдын Бозтаев, ШЧ-29 радиобайланыс аға электромеханигі Руслан Қыдырмолдин, ЭЧ-18 бас инженері Махмут Хайсанов марапатталды. Тағы бірқатар теміржолшылар басқарма төрағасының Алғыс хатын иеленді. Ал Семей станциясы бастығының логистика бойынша орынбасары Болатбек Ешмұратов ұлттық компанияның арнайы төсбелгісімен наградталды. Сол тәрізді «Адал еңбегі үшін» төсбелгісі Семей жол дистанциясының бас механигі Қанат Жолдобалиновқа бұйырды. Көптеген теміржолшылар кәсіподақ қызметіне 120 жыл мерекелік төсбелгісін иеленді.

Абай облысы әкімінің және



«Аманат» партиясы облыстық филиалының марапатымен қатар арнайы сыйлықтарын иеленген сала қызметкерлерінің де қатары мол болды.

Дегенмен, көпшілікті елең еткізіп, құрметі мен ықыласын туғызған оқиға Алмас Сейсемқановтың ҚТЖ басшысының Алғыс хатын теміржолшы жігіттің анасына табыс етуі болды.

«Сіздердің ұлдарыңыз, Талды станциясының кезекшісі Мәди өзінің қызметін жоғары жауапкершілікпен атқарып қана қоймай, кәсіби шеберлік пен қырағылықтың жарқын үлгісін көрсетті. Ол 2025 жылғы 12 шілдеде Алматы – Павлодар жолаушылар пойызының доңғалақ жұптарынан бөгде затты байқап, дереу пойызды тоқтатып, қауіптің алдын алды. Мәди шұғыл әрі нақты әрекет етіп, қозғалыс қауіпсіздігіне төнер қатердің, сондай-ақ жолаушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнуінің алдын алды. Біздің ұжым мұндай жауапты әрі батыл теміржолшымен мақтанады. Осындай азаматты тәрбиелеген сіздерге – ата-анасына ерекше алғысымды айтқым келеді. Ұлдарыңыздың бойындағы тәртіп, қырағылық пен адам өміріне деген қамқорлық – отбасы тәрбиесінің, сіздердің үлгі бола білгендеріңіздің нәтижесі» делінген ҚТЖ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов Алғыс хатында.

Мереке құрметіне жайылған қызыл кілеммен жүріп өткен Талды станциясының кезекшісі Мәди Тұрсыновтың анасы Гүлнар Смаиловаға осындай лебіз жазылған Алғыс хат табыс етілді.

Салтанатты марапаттау рәсімінен соң барша теміржолшылар қауымы жазғы мейрамханада мереке құрметіне жайылған дастарқан басында бас қосып, естелік суретке түсті.

*Суреттерді түсірген автор*

# МАРАПАТ МЕРЕЙ ӨСІРЕР...

**Атырауда ел экономикасының локомотиві саналатын теміржолшылар күні салтанатты түрде аталып өтті. Оған өлке теміржолында қызмет етіп жатқан жұмысшылар мен сала ардагерлері қатысты.**



**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

Жиынды Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Аслан Базарғалиев пен магистральдық желі бөлімшесінің директоры Аралбай Қосымбаев құттықтау сөзбен ашып, жетістіктерге тоқталып өтті. Жарты жылдың қорытындысы бойынша аймақта 16 пайдалану көрсеткішінің 15-і жүз пайыздан асыра орындалған. Биыл өңірде 66,7 шақырым жолды күрделі жөндеу керек болса, қазіргі уақытта соның 42,1 шақырымы жасалған. Қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бойынша да көрсеткіш жаман емес, тек 1 оқиға болған. Жұмысшылар қысқы-жазғы киіммен 100 пайыз қамтылып отыр. Басшылардың айтуынша, соңғы жылдары жұмысшылардың жалақысы 80 пайызға өскен. 10, 20, 30 жыл еңбек еткендерге сыйақы да тұрақты беріліп отыр. Өз кезегінде құттықтау сөз алған аймақтық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабиболла Айтимов та бүгінде теміржолшылардың жағдайы жақсара түскеніне аға буынның тек қуанатынын жеткізді.

Әрине төл мереке марапаттау рәсімінсіз өте ме?! Алдымен Атырау облысы әкімі С.Шәпкеновтің Алғыс хатымен Қарабатан станциясы тасымал құжаттарын өңдеу операторы Айсұлу Жұмағалиева, Теңдік станциясының жүк кассирі Нұргүл Ораққызы бастаған бір топ еңбеккерлер марапатталды. Ал Атырау жол дистанциясының жол жөндеушісі Мұғамилин Жалғас Сабырғалиұлының ата-анасына «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергеновтің Алғыс хаты табыс етілді. Жалғас – жай теміржолшы ғана емес, теміржолшылар арасындағы марафондарда үнемі жүлделі орындар алып жүрген мықты спортшы, сонымен қатар өзі тұратын Нарын станциясында қарттарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға және зейнеткер-теміржолшыларға ерікті түрде әрқашан қолғабысын тигізіп, қолдау білдіріп жүрген жас. Сондықтан да Компания басшысы осындай кең жүректі, қайырымды ұл өсіргені үшін оның ата-анасына Алғыс хат жолдапты. Аймақ теміржолының басшылары оны әкесі Сабырғали ағаға табыстады.

Әлбетте, теміржол саласындағы ең жоғары награда ол – «Құрметті теміржолшы» төсбелгісі. Осындай құрметті атаққа өңірде биыл төрт адам ие болды. Олар: Құлсары жол дистанциясының жол шебері Жаңбырбай Сатов, Мақат станциясының кезекшісі Зейнолла Аққалжанов, Құлсары жол дистанциясының инженер-метрологы Клара Суриева, Ақжайық белгі беру және байланыс дистанциясы бастығының байланыс жөніндегі орынбасары Жақсыбай Айтжанов. Сонымен қатар Астананың төрінде, Көлік министрлігінде марапат алған өлке теміржолшылары қатарында 3-ші дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен Атырау электрмен жабдықтау дистанциясының Аққыстау аудандық электр торабының бастығы Даурат Мырзашев пен Махамбет станциясының аға тасымал құжаттарын өңдеу операторы Айжан Қадырова бар. Сондай-ақ Атырау жол дистанциясының жол монтері Хруш Лутов «Үздік жол жөндеуші», Атырау вагон пайдалану депосының Мақат станциясында вагондарды тексеруші-жөндеушісі Оңдасын Исалиев «Үздік вагоншы», Мақат локомотив пайдалану депосының тепловоз машинисі Алмат Ахмедов «Үздік машинист», осы депоның локомотив қабылдаушысы Жалғас Байдалиев «Адал еңбегі үшін», Атырау локомотив пайдалану депосының машинист-нұсқаушысы Еркінбек Адиев «Кәсібі бойынша үздік» төсбелгілерімен марапатталса, Ақжайық белгі беру және байланыс дистанциясының аға электр механигі Мұратбек Исабаев «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Үздік мамандар» Құрмет тақтасына ілінді. Тағы жетпістен аса теміржолшы «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС директорының, Атырау жүк тасымалы және Магистральдық желі бөлімшелері басшыларының Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталды. Жиын сала өнерпаздарының орындауында концертке ұласты.

*Суретті түсірген автор*

**С небывалым размахом отметили День работников железнодорожного транспорта в Экибастузе. На площади у городского центра культуры «Өнер» прошла торжественная церемония награждения отличившихся тружеников отрасли, концерт с участием звезд отечественной и российской эстрады, розыгрыш подарков и праздничный салют.**

# ЗВЕЗДЫ, НАГРАДЫ И САЛЮТ



Любовь РОВБА,
Экибастуз

Организатором масштабного мероприятия, собравшего более 20 тысяч зрителей из Экибастуза, Павлодара, Караганды и Астаны, стал крупнейший в Казахстане машиностроительный кластер полного цикла Railways Systems KZ. Он включает современные предприятия, специализирующиеся на производстве подвижного состава и элементов верхнего строения пути.

Гостями праздника стали работники железнодорожной отрасли, ветераны труда, представители Министерства транспорта, АО «НК «ҚТЖ», а также аким Павлодарской области Асаин Байханов.

В своем приветственном слове Асаин Байханов подчеркнул важную роль железнодорожного транспорта в развитии региона и страны в целом и поблагодарил работников отрасли за ответственный труд.

– Как отметил Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев, развитая логистика – одна из основ экономики и конкурентного преимущества нашей страны. Более 6 000 километров автомобильных и железных дорог соединяют города и села, и по ним перевозят более 150 миллионов тонн грузов. Сегодня город горняков Экибастуз становится крупным промышленным центром, в том числе благодаря созданию железнодорожного кластера, – сказал аким Павлодарской области.

Асаин Байханов вручил государственные награды от имени Главы государства отличившимся труженикам RWS KZ. Почетные грамоты от акима Павлодарской области в этот день получили два работника ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ГП» – заместитель начальника станции Екибастуз Айтуар Әнафин и начальник планово-экономического отдела Екибастузского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-19) Асель Ибраева. Благодарственным письмом отмечен машинист тепловоза ТЧЭ-19 Александр Исабеков. Отдельной наградой – «Серебряной звездой RWS KZ» – президент Railways Systems KZ Сергей Павлингер наградил 14 основоположников трудовых династий, работающих в кластере RWS KZ.

От имени председателя правления АО «НК «ҚТЖ» за вклад в развитие железнодорожной отрасли и высокую социальную ответственность и. о. управляющего директора по новым проектам Илья Мещеряков вручил высокую награду – орден «Достық» – Сергею Павлингеру.

Поздравив коллег с профессиональным праздником, Сергей Павлингер поделился планами на ближайшую перспективу.

– Мы планируем создать целую сеть межобластных значений, где, например, по маршруту Павлодар – Астана будет курсировать комфортабельный поезд первого класса. Он станет примером высокого качества поездок. Сегодня мы с гордостью можем заявить, что Экибастуз, который мы называли городом энергетиков и горняков, перестал быть моногородом. Наш кластер создает новые рабочие места, приносит доход в бюджет, а также показывает нам будущее развитие города как индустриального центра, – сообщил глава RWS KZ.







В рамках праздника среди сотрудников кластера состоялся розыгрыш призов: трех сертификатов номиналом 500 тысяч тенге, одного сертификата на один миллион тенге, а также главного приза – автомобиля.

Настоящим подарком работникам и ветеранам транспортной отрасли, жителям и гостям города стал праздничный концерт, ведущими которого были мастера слова Нурлан Сабуров и Лунара Ессен. Для людей с инвалидностью организаторы предусмотрели специальные места прямо перед сценой. Со своими хитами перед ними выступили Рахман Сатиев, Дмитрий Маликов, Айнура и ВИА «Van Gogh», хедлайнером мероприятия стала группа Artik&Asti. Завершил насыщенную программу яркий праздничный салют.

Зрители поблагодарили Railways Systems KZ за организацию грандиозного торжества и подаренные эмоции. Стоит отметить, что RWS KZ выступает не только одним из градообразующих предприятий Экибастуза и крупным работодателем, но и партнером города через корпоративные социальные проекты, способствуя реализации творческого и спортивного потенциала людей, а также внося вклад в сохранение традиционных культурных ценностей. Масштабное празднование Дня работников железнодорожного транспорта наравне с Наурызом и проведением первого в Экибастузе полумарафона стало еще одним подтверждением продуктивной работы в этом направлении.

# ГЛАВНАЯ ЦЕННОСТЬ ОТРАСЛИ

**В Алматы с размахом и душевной теплотой прошли праздничные мероприятия, посвященные Дню работников железнодорожного транспорта. Торжество стало ярким признанием заслуг людей, чья профессия требует высокой ответственности, дисциплины и преданности делу.**

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

На праздничной площадке собрались руководство Алматинского отделения грузовых перевозок и магистральной сети, профсоюзные лидеры, представители трудовых династий, ветераны отрасли, молодые специалисты. Этот день объединил тех, кто на протяжении многих лет вносит весомый вклад в развитие транспортной артерии страны.

Со сцены звучали слова благодарности за самоотверженный труд, обеспечивающий бесперебойное движение поездов и устойчивое развитие экономики. Председатель Совета ветеранов Алматинского региона Дуан Умаров выразил признательность всем поколениям железнодорожников:

– Благодаря вашему труду развивается промышленность, соединяются города и судьбы. Особые слова признательности – нашим ветеранам, на чьих плечах строилась железнодорожная система Казахстана. Вы – живая история и гордость отрасли.

Директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов отметил, что регион стабильно демонстрирует высокие показатели, реализует новые проекты, ежегодно увеличивая объемы перевозок.

– Этот праздник объединяет всех, кто связал свою судьбу с одной из самых ответственных профессий. Железная дорога – это слаженная круглосуточная работа множества людей, от которых зависит стабильность экономики и безопасность перевозок. Благодарю каждого за труд, за преданность делу, – подчеркнул он в своем выступлении.

О важности сохранения трудовых традиций и социальной поддержки работников говорил председатель Алматинского филиала ОО «Казпрофтранс» Аскар Караманов. Директор магистральной сети Аскар Жексенбиев в своем поздравлении поблагодарил коллектив за вклад в общее дело и отметил, что Алматинский регион всегда демонстрирует достойные результаты.

Особой частью праздника стало награждение лучших представителей отрасли. В числе награжденных – машинисты, диспетчеры, инженеры, ремонтники, чья работа стала образцом профессионализма и ответственности.



Знаком «Құрметті теміржолшы» награждены Адилкес Ахмолданов – начальник района электроснабжения Уштобинской дистанции и Кайрат Табаев – составитель поездов станции Байсерке. Нагрудным знаком «Адал еңбегі үшін» отмечены Ержан Уразалиев, Кайрат Мырзагаранов, Гульзат Байниязова, Бакыт Бекбергенов. Орденом «Теміржол даңқы» III степени награждены Серик Ибраимов и Азамат Толеуов.

Также вручены звания «Үздік жас маман», «Үздік машинист», «Үздік вагоншы», почетные грамоты и благодарственные письма от имени руководства АО «НК «ҚТЖ» и ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки».

Праздничную атмосферу дополнили концертные номера артистов казахстанской эстрады. Этот день стал напоминанием о том, что главная ценность железнодорожной отрасли – это люди, для которых надежность, точность и честь профессии остаются неизменными ориентирами в работе.

*Фото автора*

# ДЕНЬ ТРУЖЕНИКОВ СТАЛЬНЫХ МАГИСТРАЛЕЙ

**Уральские железнодорожники свой профессиональный праздник отметили традиционно – в городском парке культуры и отдыха на живописном берегу реки Чаган. Различными наградами были отмечены более 70 тружеников стальной магистрали.**

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

Часть работников получили свои награды на торжественных собраниях в коллективах, но основной праздник прошел в излюбленном уральцами месте отдыха – городском парке культуры, заложенном еще в XIX веке, бывшей дачей наказного атамана Уральского казачьего войска. Ныне здесь расположены спортивные зоны, множество аттракционов и уютных уголков для семейного отдыха.

В этом году концертную программу для железнодорожников Приуралья подготовили ведущие солисты областной филармонии им. Гарифуллы Курмангалиева, а также хореографический ансамбль «Атамекен». С приветственным словом выступил Почетный железнодорожник, почетный гражданин города Уральска, ветеран труда железнодорожной отрасли Михаил Надточий. Тепло поздравил железнодорожников с профессиональным праздником заместитель руководителя управления пассажирского транспорта и автомобильных дорог Западно-Казахстанской области Нариман Темиргалиев, отметив их большой вклад в развитие экономики Западно-Казахстанской области. Он вручил благодарственные письма акима области Наримана Турегалиева заместителю начальника Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-3) Арману Шармагамбетову и осмотрщику-ремонтнику вагонов ВЧД-3 Кайрату Ахметжанову.



Поздравив коллег с профессиональным праздником, заместитель директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актюбинское отделение ГП» по Уральскому региону Еркен Сахтанов и главный региональный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» на Уральском участке Руслан Давлетов приступили к самой приятной миссии – вручению наград Министерства транспорта Республики Казахстан и акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы». В целом более 70 работников Уральских филиалов компании отмечены различными наградами.

За добросовестный труд, предотвращение аварий, крушений и случаев нарушения безопасности движения поездов, эффективное участие в решении производственных вопросов и наставничество нагрудный знак «Адал еңбегі үшін» вручен машинисту тепловоза Уральского эксплуатационного локомотивного депо Дмитрию Сачкову. За преданность, многолетний труд и достижение наивысших результатов в вагонном хозяйстве нагрудным знаком «Үздік вагоншы» награжден старший осмотрщик-ремонтник вагонов КП Алгабас ВЧД-3 Альбек Ергалиев. Инженер-технолог филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актюбинское отделение ГП» по Уральскому региону Бекслу Исеномановa награждена знаком «Кәсібі бойынша үздік».

В числе награжденных почетной грамотой председателя правления АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» Джания и Халлам Шукуровы, пенсионеры компании и родители дежурного по станции Белес Ербола Шукурова, который не только отлично работает, но и является активистом волонтерского движения. Громкими аплодисментами встретили железнодорожники и всю сборную уральских спортсменов – победителей летней корпоративной спартакиады.

Профсоюзный комитет организовал праздничный дастархан для ветеранов труда, тружеников тыла, заслуженных железнодорожников Приуралья. А выходные дни многие коллективы провели на природе – на живописных пляжах речного края Приуралья.

*Фото автора*

# ТОРЖЕСТВО ПРОФЕССИОНАЛОВ

**День работников железнодорожного транспорта стал настоящим праздником для коллективов Костанайского региона. Торжества прошли не только в областном центре, но и на всех станциях региона, охватив трудовые коллективы магистральной сети и грузовых перевозок, а также аффилированных предприятий.**

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Кульминацией празднования стало праздничное селекторное совещание, организованное филиалом ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП». В студии Костанайского отделения собрались руководство, передовики производства и ветераны отрасли. Директор отделения Айбек Казымов в торжественной обстановке поздравил коллективы с профессиональным праздником и вручил благодарственные письма и почетные грамоты наиболее отличившимся работникам.

В этот день 20 железнодорожников были удостоены званий «Үздік маман» и получили награды из рук руководства. Еще 27 лучших специалистов были награждены на своих станциях, где также прошли торжественные церемонии.

Среди награжденных – начальник отдела логистики Кенес Дюсекеев, который удостоен звания «Үздік жас маман», машинист тепловоза станции Есиль Александр Ломаев – обладатель звания «Үздік машинист», начальник технического отдела Костанайского вагонного эксплуатационного депо Шамиль Жумагулов – «Үздік вагоншы». Особым моментом стали торжественные проводы на заслуженный отдых ветерана отрасли, начальника технического отдела Рахимы Абеновой. В прошлом году она удостоилась звания «Құрметті теміржолшы», став примером профессионализма и верности делу для молодых коллег.

Праздничные мероприятия также состоялись и в Костанайском отделении магистральной сети. Здесь передовиков производства поздравлял директор отделения Нурлан Сыдырманов, который вручил награды коллегам и поблагодарил всех работников за добросовестный труд и вклад в развитие железнодорожной отрасли региона.

Праздник стал не только поводом для поздравлений, но и поводом подвести итоги работы. Железнодорожники Костанайского региона с начала года значительно улучшили производственные и технические показатели. Руководство подчеркивает, что за этими успехами стоят усилия простых работников, чей ежедневный труд обеспечивает надежность и стабильность железной дороги.

Особое внимание в регионе уделяют вопросам безопасности движения – ключевому правилу железнодорожной отрасли. В этот праздничный день подчеркивалось, что обеспечение безопасности остается приоритетной задачей, и в этом направлении постоянно принимаются все необходимые меры.



Не забыли железнодорожники и о своих ветеранах – тех, кто стоял у истоков становления железнодорожной отрасли Костанайской области. Теплые слова признательности, цветы и заслуженные награды были вручены тем, чьими руками закладывался фундамент сегодняшних достижений.

Церемонии вручения наград прошли в атмосфере искренней доброжелательности и уважения. Праздник, как всегда, удался на славу, став еще одним напоминанием о том, что главной ценностью железнодорожной отрасли остаются люди, преданные своему делу, трудолюбивые и профессиональные.

*Фото автора*

№61-62 (3100-3101) 05/08/2025





# ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ

**Биылғы теміржолшылар күні Қызылорда өңірі үшін ерекше мәнге ие болды. Себебі Қызылорда жол дистанциясы мен Қызылорда вокзалының құрылғанына биыл тура 120 жыл толып отыр.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Осы тарихи дата мен кәсіби мерекеге орай облыс орталығындағы Мәдениет сарайында салтанатты шара ұйымдастырылды. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» филиалының директоры Ербол Сәулебеков, «Жүк тасымалы бөлімшесі» филиалының директоры Батырхан Базарбаев, Қызылорда жол дистанциясының бастығы Марат Оңалов, Қызылорда вокзалының бастығы Жарас Қойшығұлов бастаған теміржолшылар мен сала ардагерлері қатысқан жиында 120 жылдық тарихқа шолу жасалды. Сонау 1905 жылы Орынбор-Ташкент теміржолының пайда болғанына тарихи айғақтар куә.

Салтанатты шарада сөз алған «Аманат» партиясының облыстық филиал төрағасы Алмасбек Есмаханов Сыр елінің экономикасы мен әлеуметтік тыныс-тіршілігінің күретамырына айналған Қызылорда теміржолының 120 жылдық шежіресі – бұл тек бір саланың ғана емес, бүтін бір ұлттың еңбек жолындағы үлгілі бет-бейнесі деп бағалады.

Партия өкілі теміржолшылардың ел дамуына қосқан үлесін жоғары бағалап, мерейтой мен кәсіби мерекеге орай жол дистанциясы мен вокзалда еңбек етіп жүрген бір топ теміржолшыны марапаттады.

Сондай-ақ ұзақ жылдар бойғы адал қызметімен үлгі болған сала қызметкерлері мен ардагерлер Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хатымен, Қазақстан темір жолының түрлі деңгейдегі марапаттарымен, соның ішінде «Қызылорда жол дистанциясына-120 жыл» мерейтойлық төсбелгімен марапатталды.

Олардың қатарында сыр елінің теміржолына бір кісідей еңбегі сіңген Әбдиев Дүйсембай, Рзаев Оразбек, Мяктова Галина,Тілеулиев Қожабай, Есенбекова Айнакүл, Тәжімұратов Досжан, Жаналиева Хамиля, Досығұлов Зарип, Омарова Пердегүл, Қауғанбаева Күләйша, Бақтыбаева Кенжегүл, Әбназарова Жібек, Қошанова Әсел, Аманқұлова Гүлнұр, Орынбасарұлы Марат, Кәмила Кенжебек сынды майталмандар болды.

Сонымен қатар тағы бір топ қызметкерлер Магистральдық желі дирекциясы жол құрылысы департаментінің директоры Қанат Базилов пен вокзал шаруашылығы жөніндегі директордың орынбасары Абай Сәбитұлының Алғыс хатына ие болды.

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ербол Сәулебеков бұл тек сала мамандары үшін ғана емес, ел экономикасы мен өмірінің күретамыры саналатын теміржол саласының маңызы мен мәртебесін айқындайтын көрсеткіш деп бағалады.

Ал Қызылорда жол дистанциясының бастығы Марат Оңаловтың пікірінше, теміржолшыларға құрмет – теміржолшы кәсібінің тарихына тағзым.

*Суреттерді түсірген автор*

# АБЫРОЙ БИІГІНДЕ

**Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің ғимаратында күні бойы күмбірлеген күй мен әуенді ән сазы естіліп, мерекелік леп сезіліп тұрды. Бұл жолы тек теміржолшы өнерпаздар ғана емес, теміржолшылар құрметіне жергілікті әншілер де өнер көрсетті. Құттықтай келген мәдениет саласының өкілдері ән мен жырдан шашу шашты.**



**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Теміржол көлігі қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиынға алыс-жақын станциялардан келген және жергілікті теміржолшылар мен сала ардагерлері көп жиналды. Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Нәжімеден Ғұбашов пен Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ерназар Ізтұрғанов көпшілікті құттықтап, әріптестерінің еңбегіне алғыстарын білдірді.

Биылғы мерекеге орай түбек теміржолында марапат жауды десек болғандай. Жүзден аса теміржолшы түрлі деңгейдегі марапатқа ие болып, мерейлері тасыды.

Салада қырық жылдан астам еңбек етіп, соның 38 жылын Маңғыстау жол дистанциясының өркендеуіне жұмсаған Жолдас Жетібайға «Құрметті теміржолшы» белгісі табысталды. Қарапайым жол монтері болып еңбекке араласқан ол жол шебері, аға жол шебері, телім басшысы, жетекші инженер, көпір шебері болып, тәжірибесі өсе келе дистанция директорының орынбасары деңгейіне дейін көтерілген. 2014 жылдан бері Маңғыстау жол дистанциясы бастығының орынбасары. Жиналғандар жолшы еңбегінің лайықты бағасын алғанына тік тұрып қошеметтеп құрмет көрсетті.

Сонымен қатар Маңғыстау станциясының пойыз құрастырушысы Құсайын Өтеулиев те Құрметті теміржолшы атанды. Түбек теміржолшылары арасынан Астанадан марапат алып келгендер де бір шоғыр болды. Маңғыстау локомотив депосының машинисі Асылбек Наурызбаев Президенттің қолынан «Құрмет» орденін алса, өткел кезекшісі Мақтымқұл Бектілеуовті Көлік министрі «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады.

А.Наурызбаев – екінші класты тепловоз машинисі. Еңбек жолын 1990 жылы қарапайым слесарь болып бастаған ол түбектік теміржолшыларға «танкист машинист» деп танылған. Әскери борышын Ауғанстанда өтеген жас жігіт кезінде танк батальонында қызмет етіпті. Депода слесарь болып екі ай жұмыс істегеннен кейін депо басшылығы машинист көмекшісі курсына жіберіп, алдымен көмекші, сосын машинист болып күні бүгінге дейін еңбектеніп келеді. «Танкіні тепловозға ауыстырдым» деп қалжыңдайды.

Республика Президентінің Жарлығымен «Құрмет» орденін қырық жылға жуық түбек теміржолының мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінде тер төгіп келе жатқан Қайырхан Таласов алды. Ардагер Амандық Алдаберген ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды.

Сонымен қатар бір топ теміржолшы «Кәсіби бойынша үздік» атанып, «Адал еңбегі үшін» медалін тақты. «Үздік жас маман» төсбелгісіне ие болды. ҚТЖ компаниясы басшылығы атынан Құрмет грамотасы мен Алғыс хат алды.

*Суретті түсірген автор*

# ҚАС ҚАҒЫМ СӘТ, ҚЫРЫҚ ЖЫЛ...

**Бақай станциясында 40 жыл кезекшілік еткен Әсия Ильясованың еңбегі көпке үлгі. Қауіптің алдын алып, бекетті өрттен аман алып қалған ол теміржолшы мамандығы өзіне келіндік статуспен келгенін жасырмайды.**



**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Әсия Ильясова – теміржолшылар династиясының өкілі, шынын айтқанда сол әулеттің келіні. Ол 40 жыл Бақай станциясында тапжылмай еңбек етті. Ақтөбе жүк тасымалы бөлімі теміржолшының тиянақтылығы мен қырағылығын жоғары бағалайды. Бақай станциясының кезекшісі ақпаратты дер кезінде жеткізіп, бекет ғимаратындағы өрттің алдын алған ерлігі де ескерусіз қалған жоқ.

«Бұл жақында болған жағдай. Сол кезде жұмыста едім. Оқиғаны көрген бойдан бірден хабар бердім. Қауіптің алдын алуға барынша әрекет жасадым. Басшылық та, өрт қызметі де дер кезінде келді», – деді кейіпкеріміз.

Әсия Ильясова 60 жаста. Хромтау ауданы Мағаджан ауылының тумасы. 1985 жылдан теміржол саласында еңбек етеді. Кезінде Бақай станциясына станция кезекшісі болып жұмысқа орналасқанда небәрі 20 жаста еді. Оқудан кейін алты ай тәжірибелі теміржолшылардан практикалық білім алды. Кейін жұмысқа қабылданады. Биыл қарашада станция кезекшісі болып жүргеніне бақандай 40 жыл.

Жолдасы Ғани Ильясов 20 жыл осы станцияны басқарды. Еңбек жолын қарапайым жолшы болып бастаған. Отбасылық жағдайға байланысты станция кезекшілігіне ауысқан. Ата-енесі де 40 жылдан аса темір жолда еңбек еткен адамдар. Бар ғұмырын теміржолға арнаған. Қазір олардың еңбек жолын осы балалары жалғастыруда.

Кейіпкеріміздің бұл саладағы еңбек жолының басталуы да қызық. 20 жастағы қаршадай қыз теміржолшылар отбасына келін болып түсіп осы шаңырақтың ғана емес, осы саланың табалдырығынан аттаған. Сол кезден бастап теміржолшы деген статус алғанын еске түсірді.

«Теміржолшылар отбасына келін болып түсіп, станцияға жұмысқа кірген соң үлкендердің ақылымен қосымша оқыдым, білім алдым. Себебі ауылдық жерде басқа жұмыс табу қиын. Теміржолшы болу – тұрақтылық, жұмыспен қамтылу еді. Өміріміз осы темір жолдың бойында өтіп жатыр. Темір жол біз үшін жай мамандық емес. Ол – өмір. Біздің әулеттің тарихы. Титтей болсын сол саланың бір бөлігіміз. Кезінде осы әулетпен, осы мамандықпен табыстырған тағдырыма ризамын», – деді ол ағынан жарылып.

